

AHHA ATTII

1990 Annual
Encyclopedia of
Social Work

From To Now

Classroom
Edition
1990 Annual



Қазақ тілі енді ұлттаралық қарым-қатынас тіліне айналуы тиіс

Егемендіктің елең-алаң шағында, яғни 1989 жылдың 22-қыркүйегінде ана тіліміздің мемлекеттік мәртебеге ие болуы ұлтымыздың тарихында мәні зор оқиға болған еді. Алайда содан бері қаншама уақыт өтсе де, қазақ тілі туралы әңгіме азаяр емес. Мұның, менің білуімше, соңғы 200 жылға тарта уақыт ішінде қордаланған түрлі себептері бар. Енді соған тоқталайық.

XV ғасырда тарих сахнасына келген қазақ хандығында мемлекеттік биліктің әлеуметтік қарым-қатынас құралы қазақ тілі болған еді. Алғашқы қазақ мемлекетін құрған Жәнібек пен Керей хандардың жарлықтары мен үкімдері, келісім-шарттары осы тілде жазылды. Бұл дәстүр қазақ мемлекеті XIX ғасырдың екінші жартысынан бұралаңы мол тағдырлы жолға түскенше жалғасты. Осы кезден бастап бірнеше ғасыр Қазақ мемлекеттігінің бірден-бір ұлттық белгісі болған ана тіліміз тағдырлы күйге түсті.э

Патшалық Ресей Қазақстан аймақтарының көнгенін сөзбен, көнбегенін күшпен өзіне қаратып алғаннан кейін отар елдегі басқаруды өз жүйесіне сәйкес өзгертті. Сөйтіп, қазақ даласындағы іс қағаздар жаппай орыс тіліне ауысты. Сонан соң аты шулы «Столыпин заңынан» кейін арнайы қаржыландырылып, жүйелі жүргізілген Ресей шаруаларының қазақ өлкесіне көшуі бұрын-соңды болмаған жаңа қарқынмен жүзеге асты да, демографиялық ахуалға кері әсер етті. Өз елінде 81 пайыз болған қазақ XX ғасырдың басында 65 пайызға түсті.

Отарлық саясаттың алғашқы зардаптарын көріп, күйзелген ұлы ағартушымыз Ыбырай Алтынсарин 1880 жылы Орынбор оқу округінің жанындағы татар, башқұрт және қазақ мектептерін басқаратын инспектор В.В. Катеринскийге жазған хатында «Оренбург листогіне» Торғай қазақтарының басына түскен апаттар туралы мақала жазғанын айта келіп, былай деген еді: «Осы мақаламда қазақ еліне орыс селендерін әкеліп орнатпақ болған пікірлерге қарсы екенімді білдірдім. Бұл пікір, меніңше, ешбір ақылға сыймайтын нәрсе сияқты. Егер істі дұрыс жүргізе білмесе, онда айттым да қойдым, қазақтар, – келешегі жақсы деп үміт етіп отырған осы халық, – тез құрып кетеді, содан кейін бұл істі ешқандай түзете алмайсың».

Отарлық жағдайдағы қазақ тілінің ахуалын терең түсінген Алаш көсемі Әлихан Бөкейхан 1905 жылы Мәскеуде өткен қалалық қоғам қайраткерлерінің съезіне қазақ халқының атынан қатысып, сөз сөйлегенде ең бірінші – өз халқының ана тіліне бостандық берілуін, іс қағаздарының қазақ тілінде жүргізілуін, қазақ мектебінің қудаланатынын айтқан болатын. Ал түркі халықтарының ұлы перзенті Мұстафа Шоқай 1939 жылдарды еске ала отырып: «Ұлтқа пайдалы адам болғыңыз келсе, бәрінен бұрын орыс өкіметінің атамекеніміздегі жер саясатын мұқият зерттеп үйренуге тырысыңыз. Сізге не істеу керектігін осы саясаттың өзі-ақ көрсетіп береді» деген өзі ұстаз санаған Әлихан Бөкейханның сөзін еске алуы жайдан-жай емес еді.

Отарлық саясат күн өткен сайын қазақтың тілін ғана дағдарысқа ұшыратқан жоқ, оның иесінің әлеуметтік-экономикалық жағдайының күйзелісін күшейтті. Бұл кеңестік кезеңнің алғашқы жылдарында-ақ көрініс тапты.

Кеңестік кезеңдегі қазақ тілінің ахуалы

Сөйтіп, қазақ тілі Қазақ АССР-і болып жарияланған 1920 жылдан бастап 30-жылдардың соңына дейін мемлекеттік тіл деңгейінде қолданылды. Мемлекеттік мекемелердегі іс қағаздарды қазақ тілінде жүргізу туралы Қазақстан Үкіметі тарапынан арнайы қаулы-қарарлар қабылданды. Бұл істің басы-қасында көрнекті мемлекет қайраткері, арқалы ақынымыз Сәкен Сейфуллин тұрды. Ол қазақ тілі мәселесіне ерекше көңіл бөліп, бірнеше мақалалар жазды. Алайда осындай белсенділігі үшін өз халқын ерекше сүйген даңқты ақынымызды Кеңес өкіметі күндердің күнінде «ұлтшыл» деп санап, ату жазасына

кесті.

Кеңестік билік Азамат соғысында жеңіске жетіп, тұтас аймаққа үстемдік құрғаннан кейін өзінің шынайы болмысын таныта бастады. Соның бірі тіл саласындағы жаңаша саясат болатын. 1938 жылғы 13-наурызда СССР халық комиссарлар кеңесі мен БКП(б) орталық комитеті «Ұлттық республикалар мен облыстардың мектептерінде орыс тілін міндетті оқыту туралы» қаулы қабылдады. Әділет үшін қаулыда ұлттық республикалар мен облыстар мектептеріндегі оқытудың негізгі тілі ана тілі екені атап көрсетілгенін айта кеткен жөн. Алайда бұл өз елінде азшылық болып қалған біздің республика халқы үшін зор қиыншылықтарға жол ашты. Саясатшыл белсенділер алға шығып, орыс тілінің үстемдігін орнатты.

Сол жылдың 5-сәуірінде Қазақстан КП(б) ОК және ҚСССР Халық комиссариаты кеңесі жоғары органдардың шешіміне сәйкес кешенді іс-шара қабылдады. Онда 1938-1939 оқу жылынан бастауыш мектептің екінші сыныбының екінші жартысынан, толық емес орта және орта мектептердің үшінші сыныбынан бастап орыс тілін оқытуды қамтамасыз ету Республика Халық ағарту комиссариатына тапсырылды. Сонымен қатар ол сыныптарда орыс тіліне бөлінген апталық сағаттар нақты көрсетілді [ҚР Президентінің мұрағаты, фонд 708, опись 2/1, ед.хр.772. Л.л.1-11].

Іс-шарада, сондай-ақ БКП(б) Орталық Комитетінен Ресейдің Халық ағарту комиссариатына Қазақстанның мектептері, педагогикалық училищелері мен жоғары оқу орындары үшін барлығы 572 орыс тілі мен әдебиетінің оқытушыларын жіберу жөнінде сұралған. Ал 1938 жылғы 5 сәуірде Қазақ ССР ОАК мен ХК кеңесі «Қазақ мектептерінде орыс тілін міндетті түрде оқыту туралы» қаулысында республикадағы қазақ мектептеріндегі орыс тілін оқытудың қанағаттанғысыз дәрежеде болуының негізгі себептерінің бірі – халыққа білім беру органдары және жекелеген кеңес аппаратының кейбір буындарына контрреволюциялық буржуазиялық-ұлтшылдық пен троцкистік-бухариндік элементтердің кіріп кеткендігі деп атап көрсетіліп, олардың мақсаты лениндік-сталиндік ұлттық саясатты жүзеге асыруды болдырмау, сөйтіп қазақ халқының орыс халқымен туыскандық бірлігін бұзу болып саналады деген саяси баға берілген. Бұл кеше ғана қанды қырғынмен зәресі алынған зиялы қауымның аузын аштырмады.

Республиканың билік органдарының Мәскеуге өте-мөте тәуелділігінің айқын айғағы – осы жылдың 1-қыркүйегінде Қазақстан КР(б) ОК хатшысы Мирзоянға «Қазақ мектептеріндегі орыс тілінің оқытылуының жай-күйі туралы» бар мәселе қарастырылған баяндаманың дайындалғаны да дәлел бола алады. [ҚР Президентінің мұрағаты, фонд 708, опись 2/1, ед.хр.772. Л.л.1-11].

Ал ол кезде қазақ мектептерінің жағдайының өзі, тіпті мәз емес еді. 1937-1938 оқу жылында республикадағы барлық 292 мектептің 157-і орыс мектептері болса, 10-ы аралас мектептер, ал 89-ы ғана таза қазақ мектебі болды.

Ұлы Отан соғысы аяқталысымен орыс тілін оқыту мәселесіне республиканың билік органдары қайта оралды. 1948 жылдың 2-3 тамызында Қазақстан КП(б) ОК «Қазақ мектептерінде орыс тілін оқыту туралы» қаулы қабылдады. Қаулыда қазақ мектептерінде, әсіресе, ауылдық жерлерде орыс тілі қанағаттанғысыз оқытылып жатқаны, қазақ мектептерін бітірушілері БКП(б) ОК мен КСРО Халық ағарту комиссариатының «Ұлттық республикалар мен облыстардағы мектептерде орыс тілін міндетті оқыту туралы» қаулысында белгілеген көлемінде орыс тілін білмейтіндіктері атап көрсетіледі.

Қазақ мектептері өздерінің алдында тұрған негізгі міндеті болып саналатын ұлттық кадрларды ғылыммен қаруландыру және оның ары қарай өсуі үшін қазақ жастары марксизм-ленинизмнің негізін салушылардың өшпес еңбектері, кеңес ғылымы мен мәдениеті баяндалған орыс тілін ана тілімен бір деңгейде оқытылса ғана шешуге болады деген қорытынды жасалды. Сондықтан Қазақстан КП(б) Орталық Комитеті қазақ мектептерінде орыс тілін оқытуды түбірлі жақсарту мақсатында 1948-1949 оқу жылынан бастап бірінші сыныптың екінші жарты жылдығынан бастап оқытуды, осыған байланысты көптеген нақты шараларды жүзеге асыруды міндеттейді [ҚР Президентінің мұрағаты,

фонд 708, опись 12, д. 121. Л.л.17-24]. Осылай 40-жылдардың аяғына, 50-жылдардың басына қарай орыс тілінің үстемдігі арнайы құжаттарда толықтай қамтамасыз етілді. Бұл ұлттардың табиғи дамуына қайшы жүргізілген саясат болатын, соның кесірінен сан ғасырлық тарихы бар қазақ тілі де өз иесінен соншалықты алыстап кетті.

Қазақ тілінің жағдайын, әсіресе, солтүстік облыстарда аса күрделендіріп жіберген тың және тынайған жерлерді игеру болғанын да есте ұстаған жөн. Бұл Қазақстанның солтүстік облыстарын кейін Ресейге қосуды ойлаған кешенді саясаттың бір ұштығы еді. Осы аймақтарда бірінші басшылар болып, Мәскеудің төл кадрлары отыруы да жайдан-жай ойластырылмаған болатын. Басшы қай тілде сөйлесе, қосшы халық та сол тілде сөйлеуге мәжбүр болады. Миллиондап келген тың игерушілер ең бірінші жергілікті халықтың жерін иеленді, құрамын барынша төмендетіп, сонан соң тілін алды. Енді ата-аналарда қазақша білім алған баланың болашақта күнін көруі қиынға соғады деген теріс ұғым қалыптасты да, олар балаларын орыс мектептеріне бере бастады. Соның салдарынан республикада жүздеген қазақ мектебі жабылып, аралас мектептер жаңбырдан кейінгі саңырауқұлақтай қаптады. Содан қостілділік орыс-қазақ аралас мектептерінде орыстілдікке ауысты. Өйткені бұл мектептерде оқу-тәрбие жұмысы тек орыс тілінде жүргізілді. Мұның үстіне 1989 жылғы 15- тамызда қабылдаған қаулысында Қазақ ССР Министрлер Советі республикада ұлтаралық қарым-қатынастың аса маңызды құралы болып табылатын, экономиканың, ғылым мен техниканың, еліміздегі халықтардың саяси және мәдени өмірінің жетістіктерін белсенді игеруге, республика аумағында тұратын барлық ұлт адамдарының рухани қажеттерін қанағаттандыруға көмектесетін тілді (орыс тілі – Ә.Б.) оқып-үйрену мен оқытуды одан әрі жетілдіру жөнінде белгілі бір жұмыс жүргізіліп жатқанымен ұлт республикалары өмірінің нормасы ретіндегі қостілділік принципі дамытылып, тәжірибеге енгізу тежелуде деп атап көрсетті. Ал кеңселерде іс қағаздары жаппай кешегі патшалық Ресей заманындағыдай орыс тілінде жүргізіле бастады. Сөйтіп, 1980 жылдардың аяғында Қазақстанда барлық оқушылардың 67 пайызы сабағын орыс тілінде оқыды. Осындай себептерге байланысты қазақ тілінің беделі төмендеді, қолданылу аясы тарылды.

Егемендіктің елең-алаңындағы қазақ тілі

Алаштың көшбасшыларының тәуелсіздікті тілден бастау керек деген дәстүрін еліміздің ұлтшыл азаматтарының егемендіктің елең-алаңында алғы шепке шығарғанын толық түсінуге болады. Өйткені бұл азаттықтың әліпбиіндегі қазақтың табиғи құқығы, туған тіл тәуелсіздігіміздің туы да, тұғыры да деген түсініктің нәтижесі болатын. Сөйтіп, 1989 жылдың 22-қыркүйегінде өткен он бірінші сайланған Қазақ ССР Жоғарғы Советінің кезектен тыс он төртінші сессиясында «Қазақ ССР-інің Тіл туралы» Заң қабылданып, қазақ тілі аса зор қиыншылықпен мемлекеттік мәртебеге ие болды.

Ең қиыны 1995 жылы қабылданған Ата Заңның 7-бабының бірінші тармағындағы «Қазақстан Республикасында мемлекеттік тіл – қазақ тілі» деген конституциялық шешімге қайшы, 1993 жылғы Конституцияда «Орыс тілі – ұлтаралық қарым-қатынас тілі болып табылады» деген тақиямызға тар болып, екінші тармақта «Мемлекеттік ұйымдарда және жергілікті өзін-өзі басқару органдарында орыс тілі ресми түрде қазақ тілімен тең қолданылады» деген құқықтық норма қабылданғаны болды. Бұл осыдан алты жыл бұрын мемлекеттік мәртебеге ие болған қазақ тілінің жағдайын қайтадан күрт төмендетіп, онсыз да тегеурінді, ондаған жыл жеке билеп келген орыс тілінің үстемдігін қайтадан қалпына келтірді. Мұндай мемлекеттік тілге қайшы нормаларды мен ешбір елдің конституцияларынан, заңдарынан кездестіре алмадым.

Елдегі демографиялық жағдайға байланысты мұнымен де келісуге болар еді, егер конституциялық қағиданың орындалуын қатал бақылайтын тиісті орган болып жатқанда. Ал 1997 жылы қабылданған «Қазақстан Республикасындағы Тіл туралы» Заңда Ата заңымыздың 7-бабының 1-тармағындағы мемлекеттік тілдің мәртебесін көтеретіндей

құқықтық нормалар қабылданбады. Сол себепті Заңның 4-бабындағы «Мемлекеттік тіл – мемлекеттің бүкіл аумағында қоғамдық қатынастардың барлық саласында қолданылатын мемлекеттік басқару, заң шығару, сот ісін жүргізу және іс қағаздарын жүргізу тілі» деген норма күнделікті өмірде мойындалмады. «Қазақстан халқын топтастырудың аса маңызды факторы болып табылатын мемлекеттік тілді меңгеру – Қазақстан Республикасының әрбір азаматының парызы» деген қауқарсыз қағида да ешкімді ештеңеге міндеттей алмады. Ал «Тілді мемлекеттік қорғау» деген 23-бап «Қазақстан Республикасында мемлекеттік тіл және барлық басқа тілдер мемлекеттің қорғауында болады» деген сөздермен шектелді. Сөйтіп, мемлекеттік мәртебеге ие болған тілдің басқа тілдерге қарағанда үстем болуы деген әлемдік тәжірибе Заңда ескерілмеді.

«Тіл туралы» Заңның тағы бір аса бір өкінішті мәселесі 23-бабындағы «Тілдің дамуы мемлекеттік тілдің басымдығын және іс қағаздарын жүргізуді қазақ тіліне кезең-кезеңмен көшіру Мемлекеттік бағдарламамен қамтамасыз етіледі» деген құқықтық норманың қабылдануы болды.

Тұжырымдай айтқанда, осы кезге дейінгі мемлекеттік тілдің мәртебесіне істеп жатқан бар жұмысымыздың нәтижесі ешкімді де қанағаттандырмайды. Ашы да болса ашығын айтайық, орыс тілі мемлекеттік ұйымдарда және жергілікті өзін-өзі басқару органдарында қазақ тілімен тең қолданылып отыр. Бұл бүгінгі еліміздегі қазақтілді кеңістіктегі жағдай. Мемлекеттік мәртебеге ие болғанына ширек ғасырдай уақыт өткенімен, туған тілдің жыры таусыла қоймауы өзімізге, яғни осы тілдің иелеріне де байланысты болып отыр. Рас, тілімізге мемлекеттік мәртебе берген конституциялық норма да бар. Мұны түсіндірген Заң да қолданыста. Елеулі кемшіліктері болғанымен, 10 жыл сайын тілдерді қолдану мен дамытудың мемлекеттік бағдарламасы да жоқ емес. Мұның үлкен бір әлеуметтік себебі халқымыздың кешегі кеңестік санадан арыла алмай отырғанымызда екенін айтуға тиіспіз. Біз бүгін мемлекеттік тілді батыл насихаттай алмай жүрміз. Қазақтілді бұқаралық ақпарат құралдарынан басқа ешкім ештеңе жаза қоймайды. Орыстілді басылымдар мұны тек қазақтардың мәселесі деп түсінеді. Қазір «Қазақ тілі» қоғамдарының да даусын аз естиміз. Бұдан шығатын қорытынды, ана тіліміз үшін бүкіл ұлт болып күресуіміз қажет.

Бүгінгі күні тіліміздің тағдыры туралы сан түрлі ұсыныстар бар. Солардың ішіндегі ең дұрысы деп мемлекеттік тіл туралы арнайы заң қабылдаудың қажеттігін айтар едік. Бұған барар жол Қазақстан Республикасы Президенті Н.Ә.Назарбаев 2006 жылы 11-мамырда «Ана тілі» газетіне берген «Қазақстанның болашағы – қазақ тілінде» атты сұхбатынан туындайды. Елбасы Қазақ тілінің тағдыры, бүгінгі дамуы мен болашағы жайында айта келіп, «Тілдер туралы» Заңды қайта қарап, қажет болса замана талабына сай өзгерістер енгізу керек деп еді. Біздіңше, ең алдымен мемлекеттік тілдің мәртебесін көтеретін, сондай-ақ Қазақстан Республикасындағы «Тіл туралы» Заңды орындамағаны үшін жауаптылықты қарастыратын құқықтық нормалар қажет.

Қазіргі қолданыстығы Заңның да, мемлекеттік бағдарламаның да ғасырлар бойы қордаланған аса күрделі жағдайдан алып шығуға құқықтық та әлеуметтік те күші жетпейді. Осылардың барлығын жан-жақты ойлана отырып, мемлекеттік тіл туралы заңды қабылдауға кірісуіміз қажет. Оны қабылдаудың төмендегідей бірнеше себептері бар. Біріншіден, мемлекеттік тіл туралы заң қабылдауға Ата заңымыздың 93-бабындағы «Конституцияның 7-бабын жүзеге асыру мақсатында Үкімет, жергілікті өкілді және атқарушы органдар арнаулы заңға сәйкес Қазақстан Республикасының барлық азаматтары мемлекеттік тілді еркін әрі тегін меңгеруі үшін қажетті ұйымдастырушылық және техникалық жағдайдың бәрін жасауға міндетті» деген қағида құқықтық негіз бола алады. Екіншіден, осыдан 15 жыл бұрын қабылданған «Тіл туралы» Заң алдына қойған бірсыпыра мақсатты орындады. Еліміздегі тілдік қатынастардың оң өзгерістеріне құқықтық негіз салды. Қазақ тілі кеңістігінде сең қозғалды. Алайда бұл Қазақстанды мекен еткен халықтардың тілдері туралы болғандықтан, қоғамда мемлекеттік тілдік орта жасай алмады. Әділдікке жүгінсек, бұл Заң енді қазақ тілінің мемлекеттік тіл ретінде дамуына тұсау бола бастады.

Үшіншіден, мемлекеттік тіл туралы заң қабылдаудың қажеттігі Елбасымыздың жазба кеңестігімізде реформа жасау, латын әліпбиіне көшу туралы нақты тапсырмасынан да туындап отыр. Өйткені әліпбиді ең бірінші тұтынушы ұлттың өз ана тілін реттеп алмай, реформа нәтижелі бола қоймайды.

Төртіншіден, жаңа заңның керектігі Білім және ғылым министрлігінің мән-жайды келелі кенесте талқылап алмай, қазақ мектебінде, әсіресе, облыс орталықтары мен ірі қалаларда оқитын қазақ балаларының өзі шала қазақ болып шығып жатқанда бірінші сыныптан бастап ағылшын тілін оқыту жөніндегі асығыс саясатынан да туындайды.

Бесіншіден, 1997 жылдан бері еліміздегі демографиялық жағдай жақсарып, Қазақтар саны бүгінде 65 пайызға жетті. Мемлекеттік тілге деген өзге этнос өкілдерінің көзқарасында күрделі оң өзгерістер белең алды. Оларда да жер иесінің ана тіліне деген ізгілікті түсінік қалыптасып келеді.

Ең соңы Батыстың демократияшыл елдерінің дәстүрінде мемлекеттік тілді меңгеру, меңгермеу туралы мәселе жоқ, оны меңгеру – басты мәселе, мемлекеттің әрбір азаматының абыройлы міндеті.

Қазір жиырма жылдан астам уақыт ішіндегі өз тәжірибеміз де, әлемдік өркениетті елдердің шындығы да мемлекеттік тіл туралы заңның қажеттігіне толық дәлел бола алады.

Кез келген мемлекет өз шекарасы шеңберінде көпэтносты мәдениеттің әр текті сипатына қарамай, өзінің ұлттық мәдениетін қалыптастыруды бірінші кезекке қояды. Өйткені жергілікті ұлт жалпы халық үшін ұйымдастырушылық, топтастырушылық рөл атқарады.

Ал ұлттық мәдениеттің өзегі – ұлттық тіл. Осы тіл қоғамдық қатынастың барлық салаларында қолданыс тауып, мемлекеттің ұлтаралық қарым-қатынас тіліне айналғанда ғана қоғамда демократия, азаматтық қалыптардың толық қалыптасуына қолайлы әлеуметтік жағдай туатыны даусыз. Осындай жағдайда ғана Қазақстанда тәуелсіздік өзінің шынайы рухани тұғырына да қона алады.